

Гүлгас САЙЫНҚЫЗЫ

**МУҚАҒАЛИ – ШЫРАҒЫМ МЕНІҢ,
ШУАҒЫМ МЕНІҢ...**

Астана



МУҚАФАЛИ МАҚАТАЕВ

Мен бақыттымын,

Бақытты жерде туылдым...

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТИ

Гүлгас Сайынқызы

**МҰҚАҒАЛИ – ШЫРАҒЫМ МЕНІҢ,
ШУАҒЫМ МЕНІҢ...**

УДК Қаз 84 7-4

С 16

ББК Қаз 84 7-4

Гүлтас Сайынқызы «Мұқағали – шырағым менің, шуағым менің». Мұқағали ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған сценарий, инсценировкалар.

ISBN 9965-582-24-6

Бұл жинаққа Назарбаев Университетінің профессоры Гүлтас Сайынқызының Мұқағали шығармашылығына арнап әр жылдарда жазған сценарийлері топтастырылған.

Студенттерге және мектеп оқушыларына арнайы жазылған еңбектің тілі жеңіл, көркемдігі жоғары әрі жастардың эмоционалдық қабылдауына жеңіл. Кітап оқырман жүрегіне жол табатынына сенеміз.

Гүлтас Сайынқызы, 2016

МҰҚАҒАЛИ – ШЫРАҒЫМ МЕНІҢ, ШУАҒЫМ МЕНІҢ

(Хантәңірі тауының суреті. Бала Мұқағали әжесінің артқы жағынан келіп, әнін ұйып тыңдап тұр).

Тиін әже. (әндетіп) Қаратаудың басынан көш келеді-ай,

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді-ай, елім-ай, елім-ай.

Қарындастан айырылған жаман екен...

Қара көзден мөлтілдеп жас келеді-ай елім-ай, елім-ай. Уһ, заман-ай, десеңші, сорлы қазақ не көрмедің? Не өтпеді басыннан? Ай, сұм жалған...

Мұқағали. Әже, Әже, не болды сізге? Әже (әжесіне еркелеп, басын сүйейді, көзіне қарайды)

Тиін әже. Әә, балам, сен бе едің? Құлыным менің. Алла сендерді аман қылсын.

Мұқағали. Әже, қандай ойға түсіп кеттіңіз? Ол қандай көш еді? Көшкен кезде қуанбаушы ма еді? Неге үніңнен қайғы есіп тұр, әже?

Тиін әже. Е, балам, қайтесің оны? Қартайған адамда мұң көп қой. Мұқаш, құлыным, бұзауды арқандадың ба? Шешең жұмыстан келіп қалатын уақыт болып қалды ғой деймін. Қой тұрайын, шай қояйық.

Мұқағали. Әже, шайды қойдым, самауыр қайнап тұр. Бұзауды да орнын ауыстырып арқандап келдім. Әже, жалынамын айтып берші. Айтшы, әжетай.

Тиін әже. Шырағым-ай, онсыз да қайғымыз аз ба еді? Ол ескі тарих қой. Құлыным, одан да кітабыңды оқы, адам бол. Сендердің замандарың қандай болады, оны бір Құдай біледі... Тек әкең аман-есен оралса болды. Жаратқан мен құрбандығың болайын. Балаларымды сақтай гөр, Алла.

Мұқағали. Қарындастан айырылған жаман екен дедіңіз ғой әже. Қарындасқа не болды?

Тиін әже. Қоймадың ау, балам, ал айтайын. Бұл баяғыда болған елдің шерлі тарихы ғой. *(күрсініп алып, салмақты қоңыр дауыспен)* Ата жауың қалмақты, ел-жұртымды зарлатты... Шаңырағын ортасына түсіріп, ұлын құл етті, қызын күң етті. Сонда сенің бабаң

Райымбек қылшылдаған жас екен. «Жаудан кекті алатын, жалын боп лаулап жанатын, бар қазақтан бір қазақ неге шықпайды? Жоқ мен кегімді аламын, жауға қарсы барамын»,– деп, Әлмерек әулиеге барып бата сұрапты. Сонда батырды сынамақ болып, Әлмерек әулие: Бұл Райымбек топ ішінен таңдаған атын мініп, мына жатқан Ілені кесіп өтсін. Егер содан аман-есен өтіп келсе, қасына қол алсын да, жауға аттансын»– депті. Асау өзен Іледен су тасып жатқанда жан өтпеген екен. Райымбек бабамыз тәуекелге салып, жанын безіп судан аман-есен өтіпті. Сонда Әлмерек әулие: «Дауасы жоқ жан екен, оты жанған, Ілесіңдер осыған оты барлар! Су жол берген батырға жол мен бермей, Қамауда ұстап қыранды отыра алман» деп, батасын берген екен. Содан Райымбек қасына ерген жасағымен қалмақтардан кек алып, осы ата жұртты сақтап қалған екен.

Мұқағали. Әже, Райымбек бабаның зираты қайда?

Тиін әже. Ол алыста, балам. Алматы деген шахарда. Күре жолдың бойында екен. Ол кезде сенің әкең сенің жасыңда болатын. Атаң Мақатай бізді алып, атпен арнайы Алматыға барып, аруаққа зиярат жасағанбыз. Ер жетсең сен де барасың, балам. Тек әкең соғыстан аман-есен келсе екен. Ой-бұй, кеш болды. Қой тұрайық, келіннің келетін уақыты болып қалды. (Әжесі белін әрең жазып, қолына таяғын сүйеніп шығып кетеді).

Мұқағали. *(рухтанып, әсерленіп)* Райымбек, Райымбек, Райымбек, менің бабам. Боламын мен де сендей текті балаң. Боламын. Райымбек, Райымбек, Уа, Аруақ! Уа, Райымбек!

Әже. Мұқаш-ау, әу Мұқаш, құлыным-ау, жүгір, үйде су жоқ екен ғой. Бастаудан су алып кел.

Мұқағали. Қазір әже (қолына шелекті ала салып) Райымбек, Райымбек. Алға, жау жүрек, сарбаздар! – деп үйден шығады.

Әже. Әй, құлыным сол, бабаңның аруағы қолдап жүрсін *(күйбеңдеп сахнадан шығып кетеді).*

(Мұқағали шелекпен суды алып келіп қояды да, сахна бұрышындағы айнаға қарап, шашын жөндеп, көрерменге қарайды)

Мұқағали.

Қаратаудың басынан көш келеді...

Хангелдінің сауытын кигізіңдер,

Қыннан алып, қылышын сүйгізіңдер.

Сырымбеттің туының алдына әкеп,

Тәубә еткізіп, басын да игізіңдер!» (Бабаның елесі көрініп тұрады)

(Өзі Әлмерек әулиенің образында. Бір топ адам. Бірі Райымбек батырға сауыт кигізіп жатыр. Енді бірі қылышын сүйгізіп, енді бірі туды беріп жатыр. Уа, аруақ! Уа Ханкелді бабамыз, Уа Сырымбет бабасы қолдай көр!).

Ал енді Райымбек балам, мен саған батамды берейін: Уа, Бәйдібек бабаң қолдасын, соқтыққан жау оңбасын. Фашистерді қырып сап, әкем үйге оралсын! Әумин» Ой, ол кезде қалмақтар еді ғой. Ой, бәрібір фашистер де қалмақтар сияқты жау ғой. Ал балам, жортқанда жолың

болсын, жолдасың қыдыр болсын, әумин. Ақ жол!
(Мұқаш кеудесін көтеріп, жан жағына қарайды).
Әлмерек баба дәл осылай бата берген шығар.
Батаменен ер көгерер деген рас болды ғой. Райымбек
бабаның аты өшкен жоқ.

*(Мұқағали тауға қарап тұр. Алатаудың,
Хантәңірі шыңның суреті слайдтан көрінеді)*

Мұқағали.

Мен таулықпын,
Таудан мен жаратылғам.
Тау деген Ана туған дара тұлғам
... тауға барып,
Көкке ұшып кетсем бе екен,
Ұстап алып қыранның қанатынан...

*(Мұқаш, Мұқаш деген дауыс естіледі. Бір бала
жүгіріп келе жатыр. Қасында бір азамат жігіт
бар)*

Бала. Міне, осы бала өлең жазады. Мұқағали, бұл кісі
өлеңіңді газетке шығарады.

Бөтен кісі. Шынымен жазасың ба?

Мұқағали. Иә, жазамын. Оны қайтесіз?

Бөтен кісі. Досың айтты ғой. Жақсы болса, газетке
басып шығарамыз. Алдымен өлеңдеріңді көрсетші.

(Мұқағали екі дәптерін алып келіп береді)

Бөтен кісі. Мынаның бәрі өз өлеңің бе? Тіпті тәп-тәуір
ғой, шынымен өзің жаздың ба?

Мұқағали. Аға дәптерімді беріңізші (Мұқағали ренжіген түр көрсетіп, дәптерін алып, бұрыла бергенде)

Бөтен кісі. Ей, ақын досым, әкең қайда? Үйде кім бар?

Мұқағали. Әкем майданда. Анам жұмыста.

Бөтен кісі. Қап, қарашы, менің де уақытым аз. Әйтпесе сенің Анаңды көріп, әңгімелессем де болар еді. Атың кім еді өзі?

Мұқағали. Мұқағали.

Бөтен кісі. Ал Мұқағали, онда мен сенің өлеңдеріңді газетке бастырамын. Ол үшін саған редакция да көп ақша береді. Ал мына ақшаны өз атымнан беремін. Жаза бер, өлеңің шыққанда газетті алып келіп, жаңа өлеңдеріңді алып кетемін.

Мұқағали. *(25 сомды ұстап тұрып)* Мынау көп қой. Менің бір дәптерімді ғана алыңыз. Әлі екінші дәптерімде бос беттер бар еді.

Бөтен кісі. Оу, сен қандай ақынсың? Келістік қой. 25 сом аз ақша емес. Соған дәптер де, қант, май, шай да, шешене көйлек те әпересің. Әйтпесе, жарайды онда ақшаны қайтып бер де, дәптеріңді ал.

Мұқағали. *(дәптеріне бір, ақшаға бір қарап қояды).* Жарайды. Онда бұл қашан шығады?

Бөтен кісі. Шығады, одан саспа. Мақатаев Мұқағали деп атың жазылып тұрады.

Мұқағали. Мақатаев Мұқағали Сүлейменұлы деп жазса ше?

Бөтен адам. Болады, болады. Міне нағыз жігіт, майдандағы әкесін ойлап жатыр.

(Мұқағали дәптерін сипап, өлеңдеріне қарап алады да, бөтен кісіге береді)

Бөтен кісі. *(Болатқа қарап)* Жүр, сен мені шығарып салмайсың ба? Ауылдарыңда иттер көп екен. Талап тастар. Жүр *(бала мен бөтен кісі кетіп бара жатады. Мұқағали қолындағы ақшаға қарайды)*.

Мұқағали. Қап, екі дана етіп көшіріп жазғанымда ғой, біреуі өзімде қалатын еді. Өлеңдерім менің... Ой, ішім ашып тұр. Мейлі, олар үйде жатқанда не шығады? Одан да газетке шықсын. Әжем қуанады ғой. Майдандағы әкеме жіберемін емес пе?

Бөтен кісі. Әй, бала, сен ешкімді көрген жоқсың. Мә, сенің де аузыңды майлап қояйын. *(5 сом береді)*

Бала. Аға, қажет емес, сонда сіз алдадыңыз ба? Неге? Мен қазір барып айтамын. *(Баланы желкесінен ұстап тұрып)* Осыдан айтсаң, үйіңді өртеп кетемін, аузыңды ашушы болма. Түсіндің бе? Ақымақ. Мен қазақ емеспін, қырғызбын. Іздеп келсеңдер, Қырғызстаннан тауып аласың *(мысқылдап күледі. Бала жылап қалады, бөтен кісі маңғазданып шығып кетеді)*.

(Мұқағали жұмыстан келе жатқан бір топ әйелдердің ішінен өз анасына барады).

Мұқағали. Нақа, мынаны қара. *(25 сом ақшаны көрсетеді)*

Нақа Ол не? Оны қайдан алдың?

Мұқағали. Өлеңімді саттым.

Нақа Қай өлең, дәптеріңді ме, өзің жазған өлеңдеріңді ме?

Мұқағали. Әрине, соны. 25 сомға саттым.

Нақа Сатқаны несі? Құдай-ау, неге саттың? Құлыным-ау, сенің тырнақалды өлеңдерің еді ғой. Неге саттың? Кімге саттың? Ой, қу заман! Қу соғыс... Көрінде өкіргір сұм фашистер-ай, кесел ай...

Мұқағали. Әй, қойшы, Нақа, жылама енді... не қыласың? Ол мені алдапты. Газетке шығарамын деп. Болат-шы, менің досым. Сол ертіп келді.

Нақа. Не дейді? Сол Болатың да бала емес, бір...

Мұқағали. Нақа, Болат кінәлі емес. Оны да алдап кетті ғой. Жүрші үйге, Нақа, жылама. Нақа, бар ғой... мен әлі саған өлеңнің Көкесін көрсетемін! Көресің әлі. Есік ашық тұр, әжем де келген сияқты.

Әже. Әй, не болды? Не сұмдық? Не болды? Неге жыладың? Балам аман ба?

Нақа. Апа, балаңыз аман. Мына сіздің балаңызды бір қырғыз келіп алдап, екі дәптер өлеңін алып кетіпті. Сөйтіп 25 сом беріп кетіпті. Бұл болса маз, жерден жеті қоян тапқандай (Мұқағали басын төмен салып, көзінің қиығымен әжесіне қарап қояды).

Әже. Уһ, шошығаным-ай. Е, шырағым, жылама. Бұл да қу соғыстың кеселі ғой. Жалғызым аман келсе, бәрі орнына келер. Қорқып кеткенімді қарашы. Құлыным-ай, Сүлейменім-ай, жарығым, сағындым –ау... Аман есен келгеніңді көрсем болды, Құдай сол күні жанымды алса да разымын.

Мұқағали. Әже, не болды сізге? Көкем міндетті түрде келеді. Мен бар ғой, әже, мен үлкен ақын боламын. Райымбек баба туралы поэма, дастан жазамын. Үлкен залда менің кешім өтіп жатады. Сонда мен сізді сахнаға шақырып, бұл дастанды мен жазған жоқпын, менің Тиін

әжем жазды деп есептеңіздер.. Себебі менің он жасымда бұл оқиғаны әжем айтып берген деймін. Көкем мен Нақа екеуі бізді күтіп ауылда отырады. Әже, жаңағы өлеңдер... олар нашар өлеңдер болатын. Әкетсе әкете берсін.

Әже. Құлыным менің, жарығым менің, талабыңа нұр жаусын. Айттым ғой, менің балам аман болсын, әлі-ақ бір жерді жарып шығады. Құлыным менің сен дүниеге келерде мен түс көргенмін. Пырақты атқа отырып, Хантәңірінің ұшар басына ұшып бара жатқан жігітті көрдім. Маған жоғарыдан бір дауыс: «Тиін, анау сенің немерең, Мұқағали ғой» деген болатын. Е, Жаратушым, Жарылқаушым, құлынымның бағын аша көр.

Нақа. *(күлімсіреп)* жүріңіздер сіздің балаңыздың табысын атап өтіп, шай ішейік *(Мұқағали әжесін құшақтап, сахнадан шығып кетеді).*

2-көрініс

(Мұқағали үлкен азамат болған. Анасы қартайған, басында кимешек)

Мұқағали. Нақа... Мен Алматыға барып жұмыс тауып келдім. Алматыға көшпесек болмайды. Лашын да мектепте мұғалім болады.

Нақа. Сол жұмысты осы жерден істеуге болмай ма? Әкеңнің қара шаңырағын тастап қайда барамын? Жоқ, балам, мен осында қаламын.

Мұқағали. *(күйініп, шарасыз дауыспен)* Нақа, шеше, мені сенен артық кім түсінеді? Егер сен мұнда қалсаң, менің күнім не болады? Мен сені ойлаумен-ақ өтемін ғой. Онда жарайды, қара шаңырақтан кетпей осында қалайық.

Нақа. *(басын изеп, жылап отыр, кимешегінің етегімен көзін сүртіп).* Жоқ, барамын. Сен өмірге келерде әжең марқұм түс көрген еді. Сенің болашағыңа, жарықтық сенген еді. Қой, мен сенің талабыңа балта шаппаймын. Сенің қасыңда болсам, қара шаңырақ деген сол емес пе? Әкеңнің аруағы түсінетін шығар, тәуекел, балам, жолға жиналайын.

Мұқағали. Нақа, балам дедің бе? *(күліп, құшақтайды)*

Нақа. Өзің жаңа «шеше» деп едің ғой.

Мұқағали. Оп-па, байқамай айтып қалғанмын ғой. Бүгін түнде әжем келіп, қамшымен сабамаса болғаны ғой.

Нақа. Е, жарықтық. Ақылды кісі еді ғой. Көзі тірісінде-ақ саған мені «шешен» деп айтып отырушы еді ғой. Тек сен мойындамайтынсың. Бірақ, шырағым, таласым жоқ, әжеңнің баласысың. Қасиетті кісі еді ғой. Өр, ер мінезді. Бір ауылдың тентегін тезге салып алатын. Бірақ сенің мінезің әжеңнен гөрі әкеңе ұқсайтын сияқты. Тым ақкөңілсің, сенгішсің, әжеңе тартсаң жақсы болар еді.

Мұқағали. Иә, солай сияқты, Нақа. Ай, осы ақкөңілдіктен көп зардап та шегетін сияқтымын ғой. Бірақ мен өз табиғатымды өзгертпеймін. Мен бәрін сүйеге, тауымды, суымды, қасиетті Қарасазымды, Алматымды, жер бетінің барлық адамын сүйеге тиістімін. Себебі Құдай мені ақын етіп жаратты.

Ақындар адамдардың арманын, мұң мұқтажын Алаға жеткізуші. Нақа, мен бәрін сүйемін. Бәрін. Оны ұлы ақын Абай да айтқан: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» ай жарықтық-ай, Абай данышпаным. Сен мықтысың. Сол заманда өлеңнің Көкесін сен жаздың. Енді мен жазамын, рухымен қолда мені Абай ақын.

Осы мен кейде ерекше Алып адам сияқтымын. Ал кейде қорқамын ішімнің бәрі от, жалын сияқты. Өз отыма өзім жанып кетем бе деп қорқам...

Нақа. *(анасы баласына қарап тұрып, басын изеп)* Е-е, шырағым-ай, қайтейін пешенеңе жазғанын көресің де... Қой, жолға дайындалайық *(шығып кетеді).*

Мұқағали. *(Туған жеріне қарап тұрып, қимастықпен)* Кешір, кешір, мені туған жер. Кешір, Хантәңірі, Шәлкөде, Елшенбүйрек, Қарасазым. Апыр-ау, сендерсіз қалай өмір сүрер екенмін? *(Көзінен жас ағып, қимастық сезімде тұрады).* Күн көрермін-ау, бірақ сендерсіз... Кетпей тұрып сағынып тұрмын.

Райымбек бабаның рухы. Мұқағали! Жылама! Жасық болма! Сен үлкен қалаға, үлкен өмірге бара жатырсың. Сен кішкентай Қарасаз аулының емес, Қазақ елінің баласысың. Сенің жырларың сан мыңдаған жүректерге рух береді, сен жылағанды жұбату үшін, қуанған жанның қуанышын көбейту үшін үлкен ақын болуың керек. Қырандар ұясында қалмайды, аласа төбелерге қонбайды. Сен жырдың Қыраны, мұзбалағысың. Ендігәрі сенің әлсіздігіңді көрмейін. Маған ұқсағың келіп батыр боламын деуші едің ғой. Бол, ақындық та – батырлық. Ал жолың болсын!

Мұқағали. Рақмет, Баба! Аруағың жар болсын! (Нағиман, Лашын, Мұқағали, Майгүл қолдарында түйіншектері бар, сахнаның бір шетінен екінші шетіне жүріп өтеді, ауыл адамдары шығарып салып тұр). Бір шете ұзын бойлы жас жігіт тұр. Ол Майгүлді жақсы көретін бала. Майгүл оған қимастықпен қарап, қолын бұғайды).

Майгүл. Папа, мен мектепті ауылдан-ақ бітірсем болмай ма? Қалада қазақ мектебі де жоқ шығар? Соңғы жыл ғой. Ағамдарда жүре беремін.

Мұқағали. Майгүл, дәл қаланың ортасында 12-мектеп бар. Оған сөйлесіп қойдым.

Майгүл. Жарайды, бірақ ауылда да бітірсем болар еді ғой. *(жігітке қарайды)*

3-көрініс

(Жастардың қолында газет. Бір-біріне көрсетіп жүр. Мұқағалидың өлеңдері. Керемет! Радиодан Мұқағали өз даусымен өлең оқып жатыр).

(Бір топ жастар жиналған. Ортасында Мұқағали ақын).

Мұқағали: *(Мұқағали аппақ көйлегі бар, қуанышты. Өлең оқып тұр. Би көрсетуге болады).*

Поэзия, менімен егіз бе едің?
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
Қарауытқан таулардан сені іздедім.
Сені іздедім кездескен адамдардан,

Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.
Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,
Сені іздедім жоғалған замандардан.

(қыз бала жалғастырып кетеді)

Бойжеткен.

Сені іздедім досымнан, қасымнан да,
Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да.
Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,
Қызыл — жасыл шұғыла шашылғанда,
Көк жиек пен көк жиек қосылғанда.
Махаббаттан іздедім, сағыныштан,
Арманымнан іздедім алып ұшқан.
Сәттерімнен іздедім жаңылысқан,
Сені іздедім жадырау, жабығыстан,

3-жігіт.

Сені іздедім зеңбірек гүрсілінен,
Күннен, түннен, гүлдердің бүршігінен.
Қуаныштан, түршігу, күрсінуден,
Сені іздедім жүректің дүрсілінен.
Сені іздедім сезімге у шараптан да,
Минуттардан іздедім, сағаттан да.
Сені іздедім, іздеймін тағат бар ма?
Сені маған егіз ғып жаратқан ба?

Махаббат диалогы

*(Қыз бен жігіт сахнаға бір-бірін қуып ойнап шығады.
Ерке қыздың еркелігіне сүйсінген жігіт қарап тұрады)*

Қыз: Құс боп ұшып жоғалсам, не етер едің?
Жігіт: Сені іздеумен мәңгілік өтер едім.
Қыз: Отқа түсіп өртенсем, не етер едің?
Жігіт: Күл боп бірге соңыңнан кетер едім.
Қыз: Бұлдырасам сағымдай не етер едің?
Жігіт: Жел боп қуып, ақыры жетер едім.
Қыз: Қайғы әкелсем басыңа не етер едің?
Жігіт: Қойшы, сәулем, бәрін де көтерімін.

2-Жігіт:

Сағындым ғой дедің-ау жаным маған.
Бұлт көрдің бе тауларда мамырлаған?
Сол менің ақ жанымның ақ жалыны,
Аулақта ауылымнан дамылдаған.

2-Қыз:

Естідің бе аспанның күрсінгенін?
Сол менің саған деген тылсым демім,
Ұйықтап жатса оянсын, ояу болса,
Күңіренген жанымды білсін дедім.

2-Жігіт:

Мен деп ойла самал боп, есіп өткен,

2-Қыз:

Мен деп ойла нөсерді есі кеткен.

2- Жігіт:

Мен деп ойла өзінді әр түн сайын,

2- Қыз :

Мен деп ойла өзінді әр түн сайын...

Екеуі:

Төсегін сағынышқа бесік еткен...

*(жастар билеп, өлең оқып, мәре-сәре болып жатады.
Өлең соңында жастар әзілдесіп, күлісіп сахнадан
шығады)*

3-көрініс

Мұқағали *(ойланып отыр, қолында газет. Өз өлеңін
оқып отыр)*

Отан

*Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.*

*Бар жәндігін сүйемін қыбыраған,
Бәрі маған: «Отан» деп сыбыраған,
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!*

Отан!

Отан!

*Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен...*

*(сырттан дауыс естіледі. Мұқаши, досым-ау,
қайдасың?)*

Мұқағали. Еркіннің даусы ғой. Бұл қайдан жүр. Менің сағынғанымды Құдай сездірген шығар...

Еркін. Мұқаш, бармысың, бауырым. Әрең таптым ғой. *(екеуі құшақтасып, бірі-бірі итеріп қайта төс қағыстырып құшақтасады. Сағынғандары көрініп тұр)*

Мұқағали. Еркін-ау, қайдан жүсің, ел аман ба?

Еркін. Е-е-е, Мұқаш-ау, ел аман, аман. Көшкен жоооқ, Қарасазың тұр орнында. Хантәңірі қасқайып сол қалпында. Тұр, тұр... Мұқаш. Мұқаш, саған не болған, міне, өлеңің шықты, қуанған түрінді көрмей тұрмын ғой.

Мұқағали. Еркін, өздеріңді қатты сағынып жүр едім. Келгенің жақсы болды ғой *(көңілі босайды, Еркіннің арқасынан қағады)*.

Еркін-ау, Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы,
Бұдан артық рахат табылмайды.
Бұлдырасын өткен күн сағымдай бір,
Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы.

Ах, шіркін ауыл. Еркін, ауылды қатты сағынамын...

Еркін. Мұқаш, ауыл ауыл ғой. Бірақ сенің бағың ауылда жанбайды. Соны түсін. Міне, өлеңдерің жарияланып жатыр. Ауылда жүрген біздер дәл сен сияқты сүйіп, сен сияқты ескерткіш қойып жатқан жоқпыз сол ауылға. Себебі дәл мына сағыныш жоқ біздерде. Ауылдың қадірін білем десең, ауылдан біраз уақыт алыс кету керек. Мұқаш, шын айтам, өлеңдерің ғажап!

Мұқағали. Рас айтасың ба, өлеңдерім менің демім, тынысым, тіршілігім, жалғызым ғой, Еркін. Сен оны білесің бе?

Еркін. Мұқаш, досым, мықты бол. Жазда ауылға келіндер. Бүгін Райымбек бабамыздың басына бардым. Мұқаш, сен де барып тұр. Рухы керемет, ерекше әсер алдым. Ал енді мен жүрейін. Сені көріп шығуға уақытты таптым, Мұқаш, жаз, жаза бер, сен ұлы ақын боласың!

Мұқағали. Ұлы ақын қазақта жағыз. Ол – Абай. Біздер солдаттармыз, Абай – генерал.

Мұқағали. Еркін,елге сәлем айт. Елден кетпеңдер, Қарасаз қасиетті мекен ғой.

Менен сәлем айтқайсың сұрағанға,
Сұрағайсың, үй-іші дін аман ба.
Өмір кешіп жатыр де ол да өзінше,
Тірлік керек, әрине, тірі адамға.

Дегейсің болмашыға қамығып жүр.
Болмаса, барлығы да табылып жүр.
Құлын-тайдай тең өскен құрбыларын,
Дегейсің сағынып жүр, сағынып жүр.

Армандайды дегейсің, қиялдайды,
Қайда барса, бір басы сыя алмайды.
Сендер оны ұмытып кетсеңдер де,
Дегейсің, сендерді ол қия алмайды.

(Мұқағалидың даусы дірілдеп, көңілі босайды).

Еркін. Хантәңірдің Мұзбалағы, не болды?
(*жігерлендіріп*) Жасымағың, жан досым, жасымағың.
Тіршіліктің тікені ғой... тікен болған соң тырнайды-
дағы... Мұқаш, біз Отанын қорғаған, қан майданнан
оралмаған батыр әкелердің баласымыз. Біз жылап-
жылап болғанбыз. Енді жыламаймыз, балаларымыз
жыламасын, Мұқаш! Бабаң рухы, зираты қасыңда ғой,
Мұқаш. Елді сағынғанда барып тұрсаң болады, Рух
ешқайда кетпейді. Қолдайды, мүмкін сені қолдау үшін
бабамыз Райымбектің түйесі күре жолға шөккен шығар,
сүйегі сонда қойылған шығар? Әйтпесе ауыл қайда,
Алматыға қайда... Солай досым.. (*Күледі, екеуі
құшақтасып қоштасады*). Сен Алматыда әдебиеттің
ортасында жүрсің. Орта керек, орта керек. Мұқаш саған
әдеби орта керек. Ауыл, ауыл дегенді қой. Ал, жарайды,
амандықта болайық, Нақа жеңгеме, Лашынға сәлем айт.

(Алматыдағы Райымбек бабаның зиратын слайдтан көрсету)

Мұқағали.

Алматының жерінде атам жатыр,
Жалғыз бейіт құлазып жапанда тұр.
Қайтсем сені қоршаймын қыш дуалмен,
Аруағыңнан айналдым, атам батыр!

Батыр атам сен менің жүрегімде,
Асыр салып аруағың жүр өмірде.
Аруағыңды жырыммен бір нақыштау
Арманым да, ойым да, тілегім де.

(Мұқағали қиялы. Өз атын өзі ұрандап келе жатқан 13 жасар Райымбек бейнесі)

Жас ақын.

Қу даладағы құйын ба дерсің ойнаған,
Қыран ба дерсің қылт еткен құсты қоймаған.
Өз атын өзі ұрандап бала келеді,
Қамшы сабына жейдесін ту ғып байлаған...

Доғара қойып ойын мен дырду сауықты,
Бір сәтке қауым ішінен тына қалыпты.
Он үшке толған Түкенің ұлы Райымбек,
Албанға алғаш өстіп өзін танытты...

(Мұқағали отырып, аузы күбірлеп дұға жасап, бетін сыйпайды)

Мұқағали. Көш келеді боздатып боз даланы, көз ұшында боз сағым қозғалады... О, Тәңрім бабам жайындағы дастанымды аяқтауға жетерлік ғұмыр сұраймын. Берермісің... көрермісің... беу дүние?.. Мынау сырқаттың түрі жаман. Маған өмір сүру керек... Ай, енді бір он жыл берсе, бәріне үлгерер едім. *(Үйіне қарай келе жатып, бұрышта шұлық жамап отырған анасын көреді. Соған қарай бұрылады).*

Мұқағали. Нақа, ауылды сағынып отырсың ба? Неге жылайсың? Қарашы, мен керемет жырлар жаздым *(сахнаның бір бұрышына барып, Райымбек бабасының суретіне қарап тұрады)*. Нақа, мені бәрі мойындайтын болады әлі. Ғабит Мүсіреповке «Аққулар ұйықтағанда

деген поэмамды оқып бердім. Оған ұнады. Ол маған алтын қаламды сыйға тартты, Нақа. Ол классик жазушы. Қартайып бара жатыр... Шіркін... көп әңгімелесем ғой.

Нақа. (өзіне-өзі) Шырағым-ай, ақындығың бағың ба, сорың ба еді? Ақжүрек құлыным-ай, қиналғаныңды сездіргің келмейді ғой. Ауырып жүргеніңді де жасырасың. Шіркіндер-ай, сендер қанша жауыздық жасасаңдар да, сендері Мұқашымның қалай жақсы көретінін қайтып жеткізсем екен. Жазушылар одағына кеттім деуші еді, құлыным. Одағың да жатсынды-ау өзіңді.

Мұқағали. (шешесіне қарап тұрып өзіне-өзі) Жаңа жылда жұмыссыз жүргеніме бір жыл болады. Қалай күн кешіп жүрмін? Білмеймін... Тәңірім әзірше шешемді тірі қоя тұрса екен. Өстіп, тұралап жүрген кезімде қисая қалса, ел-жұртқа масқара болам ба деп қорқамын. *(Келіп, анасын құшақтайды, қалтасынан бет орамалын алып, шешесінің көз жасын сүртеді).*

Шеше,
Сен бақыттысың,
Жыламағын!
Жай түсіп жатқанда да құламадың
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның
Сондықтан жыламағын, жыламағын!

Бармын ғой
Тірімін ғой,

Қасыңдамын.
Өлмеймін, мен өзіңдей асылданмын.
Таусылып, өз-өзіңнен шашылмағың,
Байырғы берекенді қашырмағын.

Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа
Өзім кепіл тот басып, тозбасыма.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап
«Шеше» деп жаздым ылғи сөз басына.

Тәңірім кеше көрсін кесірімді
Аспанға жазам сенің есіміңді!!!
Шеше,
Сен бақыттысың, тербете бер
Құба талдан иілген бесігімді...

Нақа. Тәуба, Жасаған Ием, баламды өзіңе тапсырдым.
Баламның садағасы етіп мені ал, Жаратқан ием.
Құлыныма ұзақ ғұмыр жас бер. Денсаулық бер, Алла.
Пендеге күнін қарата көрме, Жасаған Ием. Бабасы-ау,
қолдасаңшы. (Райымбектің суретіне қарайды, сонан соң
Сүлейменнің суретіне қарап) Сүлеймен-ау, бас ием-ау,
сен аман-есен оралғаныңда, Мұқашым мұншама
қиындық көрмес еді ғой. Қайтейін, Аллаға шексіз
жалынғаннан басқа қолымнан не келеді? (*күрсініп,
сахнадан шығып кетеді*).

4-көрініс

Мұқағали. (ауруханада) Бұл жыл да өтті. Жырменен

басталған жыл жырмен аяқталды. Күйбеңмен, азаппен өткен өлі күндерді қойшы. Жырсыз өткен күндер мен үшін өлі күндер. Тәңірдің бұл алданышты қиғанына да құлдық. Поэзия болмаса мен қайтер едім? Не істер едім? Айтпақшы Фариза, Фаризаға қызға хабарласайын. Ол... мықты ақын. Иә, ол да кейде көп пысықтарға ұнамайды. Фариза!

Фаризажан, Фариза қыз!

Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.

Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,

Бірімізден-біріміз арылармыз.

Біздерді де іздейтін жан болса егер,

Шаң басқан архивтерден табылармыз...

Жақсы сияқты *(күлімсіреп, жазған қағазына қарайды)*. Оған ұнайды деп ойлаймын. Қазақтың қыздары мықты ғой. Олардағы рух азаматтардан артық болмаса, кем емес. Ежелден аналарымыз мықты болған. Қайран әжем...

Сөнбейді, әже, шырағың,

Өзіңді әнге қосамын...

Жалғызың келіп қалар деп,

Өзіңдей мен де тосамын.

Жалғызың оралмады, орамады,

Қиын ғой тірі жанның жоғалғаны.

Бір жерде тірі болса жүрген шығар,
Болса өлі, өзіңменен болар мәңгі.

Қазақтың қыздары, арулары, аналары, әз әжелері,
балаларымның анасы өмірлік жарым Лашыным, мен
сендерге басымды ием. Сендер кереметсіңдер! Мен
сендерге қарыздармын, қарыздармын. *(шаршаған, көзін
жұмып жатыр)*

*(Ауруханаға Лашын мен қызы Алмагүл келеді. Мұқағали
көзін ашып, қызына қолын созады. Лашын орындыққа
келіп отырады. Алмагүл папасын құшақтайды).*

Алмагүл. Папа, қалайсың? Сен жазылуға тырыспайсың
ғой. Папа... Папатай, жазылшы, аман-есен оралшы үйге.

Мұқағали. Қызым, мен тырысамын. Міне, жаңа
перзентім, жаңа кітабым өмірге келді. Қызым, бұл менің
«Өмір дастаным». Бірінші данасына қолтаңбаны
қазақтың ақиық ақыны Әбділда Тәжібаевқа жаздым.
Маған алғаш ағалық, әкелік қамқорлық жасаған сол кісі
болатын. Сен Одаққа бар, айт, папам бірінші кітапты
сізге берді де. Сіздің жақсылығыңызды ұмытпаймын
деп айтты де. Апарып бер. *(кітапты қызына береді)*

Алмагүл. Папа, 27 наурыз, 1976 жыл деп жазыпсың
ғой. Бүгін 27-сі емес қой.

Мұқағали. 27-сі болады ғой, болады... Келші, қызым *(құшақтап, маңдайынан сүйеді)*. Алмагүл, сен бара бер. Тездетіп қарияға апарып бер. Жолдан абайлап жүр. Өмір жолынан да абайлап жүріндер. *(Алмагүл әкесін құшақтап, жылап кітапты құшақтап, артына қарайлап шығып кетеді)*.

(Аурухана. Лашын Мұқағалиға тамағын бергісі келеді. Мұқағали «ішпеймін» деп басын шайқайды)

Лашын. Мұқағали ішсеңші, Құдай-ау, тамақ ішпесең не боласың? Кішкене ғана ұртташы.

Мұқағали. Лашын, тәбетім жоқ. Мен енді көпке бармаспын. Марқұм әжем де, әкем де, Майгүлім де осында жүр. Енді солармен бірге боламын. Олар мен келеді деп қуанатын сияқты... Лашын (Лашынның қолын ұстайды), саған өмірде қиындықты көп көрсеттім. Бағалай алмадым. Көп жағдайда ақын тағдырым адам тағдырыма бағынбады. Лашын, балаларыма өзің ғана түсіндіріп айтарсың. Мынау менің «Халқыма хат» соңғы өлеңім, газетке өздері сұрап алады. Лашын, мен кетемін, бірақ өлмеймін, менің жырларым Ұлы Дала аспанында шарықтайды әлі. Білесің бе, мен келер ғасырмен, 21-ғасыр жастарымен бірге жасаймын. Мен өлмеймін, өлмеймін. *(сандырақтап)* Қазір таксимен Одаққа барайық, балаларым, балаларым жас еді... Айтып кетейін, тапсырайын...

Лашын. Мұқаш, саған не болды? Сен жазыласың, міндетті түрде жазылуың керек. Өзің айтпақшы

балаларың жас қой... (жылайды). Сен маған, балаларыңа, анау қарт анаңа керексің ғой. Мұқағали, Мұқағалиым менің. Сендей адал жар да, сендей елін сүйген ақын да біреу ғана. Мұқағалиым менің, сен – менің жанған шырағымсың, шашылған шуағымсың! Мұқашым-ау, кеш, кеш мені арысым, кеш мені! Мұқашым-ау, қыран құсты жақсы көруші едің, құс боп ұшып кетпекбісің? Мұқашым!

Мұқағали. (Әрең сөйлеп. Тырналардың даусы естіледі) Көктем келді, ауылға көктем келді. Тырналар қош айтысып бара жатыр... Лашын, бүгін 27-наурыз ба?

Лашын. Иә, 27-наурыз.1976 жыл. Мұқағалиым, шырағым, шуағым ... менің...

соңы.

Қойылым соңынан Фариза Оңғарсынованың «Мақатаев туралы жыр» өлеңін үш студент оқиды.

Мақатаев туралы жыр

1

Бір өзі мұхит сынды,
жағасы арман,
ағысы жағасына арна салған;
толқыны тасқындаса, тау қопарып,
жабықса, жусаннан да аласарған.

Сыздатып кеудесін жыр, таңдайын -ән,
Бетке алған сұрапылды қандай ұлан?

Әйтеуір алқам-салқам жолға шықты
Киелі Хантәңірінің баурайынан.

Бал күндер тақым салған тайға күрең,
Жүдеу кез, наны тапшы, айраны кем...
Бұрылып қош айтысты

Қарасазбен,
Аршалы сайларымен, сайранымен.

Сол әлем жұмақ па бір, жай ма бөтен,
Дәл сондай Жер бетінде қайда мекен?
Ай мүйіз арқар ойнап, жүйрік қашып,
Күн құшқан Абайлардың жайлауы екен!

Жай ойнап жүрегі оның жауындаған,
Селдетсе – сескенеңдей дәуір, ғалам.
Ей, әлем!

Құшағыңды аш, тербет жанын –
Келеді Қарасаздан дауыл балаң!

Қалмайсың ол дауылдан сауың да аман,
Ақын ба жыр дертімен ауырмаған!
Сұрапыл сары балаңның сарынына
Құлақ сал, жауыр далам, дауыл далам!

2

Аға іздеп асқар көңілі бұлттан асқан,
Қалардай жаны жайрап кілт қарастан,
Пәктікке аңсары ауып, дүниеден

Іздеген мөлдірлікті шықтан асқан.

Сен қалай байқамадың, батыр ғалам,
өртеңіп бара жатты ақын балаң;
теңіздей махаббатын көтеретін
жан таппай, өз отына лапылдаған?

Жай тастап тіршілікке теңбілді ала,
Жойқындай жыр-әлемге ендің дара.
Найзағай сезіміңді сіңіруге
Қайраты жетсе жетер Жердің ғана!

Тынысын тоқтатқанда дара шабыт,
Түскендей жәудір көздің қарасы ағып,
Аңырап ботасы өлген аруанадай
Жыр-ару күңіренді қара салып.

Тым сирек күрсінеді бұлай халық,
Салмағын ажалымен сынайды алып.
Күңіренді қазақ жері, кеудесінен
Оқ тиген ақ бөкендей шыр айналып.

Бүк түсіп қалды кенет қырат күллі,
Қайнары қақталғандай бұлақ тынды.
Аспанның кеудесіне басын сүйеп
Бұлығып Хантәңірі жылап тұрды.

Тау, дала, ұмытқан жоқ сол күнді әлі:
Күңіренді Ертіс, Жайық толқындары,
Күрсініп Көкшетауда қарағайлар,

Жоқтады аспан тектес сол тұлғаны.

Шың –Қадыр, бір жағымда шоң Тұманбай
Тұрса да,

Бір тірегі олқы жандай,
Жаралы жүрегімді жарға соғам,
Орныңды еш тұлғамен толтыра алмай...

3

Жүрегі жолбарыстай, жаны арайлы,
От-жалын жанарымен жанап Айды,
Ол енді сұңқар жырдың қанатында
Көктеңбіл Планетаны аралайды.

Самғайды қуатты өлең, кермекті өлең,
Сырласып жалғыз тілде жер, көкпенен.
Жасындар жанұшырып қорғалайды,
Енді оған сөз де өтпеген, оқ жетпеген.

Тойған жер, тойымсыз жер, тойлы дала
Бай әлі сүріндірер ой-жыраға.
Сұңқар жыр аспанында саңқылдайды,
Мұң тастап ойсызға да, ойлыға да.

Жүргендер жыр басқарып, Күн жастанып
Сүңгімес мұң дертіне, тұрмас налып.
Тек көктің шаңқылына елендейді
өрт тұнған көкірегіне бір жас халық!

Сол тындап шамырқанған көк тарланын,
әнінен ажыратар көп қарғаның.
Шыжғырсын, шырқыратсын шоқтар жанын –
Жалғайды ол ғасырларға отты арманын!

Самғар жыр жүректер таңды ұрлатып,
Жанарын жасқай алмай жаңбырлы уақыт,
Тыңдатып Күнге ғана мұңды әуенін,
өмірлік нұрға көмер алдын бақыт.

Жалған даңқ, жасанды айбат былай қалып,
Жол жеген жартас сынды құлайды алып.
Тағдыр-жыр жасар бірақ інкәр жерде
Мәңгілік Күн-ғұмырды шыр айналып!

СЕН МЕНІҢ ТАҒДЫРЫМСЫҢ

(М.Мақатаевтың «Адам ата - Хауа ана» поэмасының желісінде)

1-көрініс

(Бір қыз бен ұл сахнаға шығады. Алқын-жұлқын ойнап жүреді. Ойларында түк жоқ. Қыз кенет аспанға қарап):

Әйгерім. Ерқанат, тырналарды қарашы. Олар қайда ұшып бара жатыр екен?

Ерқанат. Қазір сұрап келейін *(екі қолын қанат қып жайып, қызға жақындайды).*

Әйгерім. Ерқанат, мен шын сұрап тұрмын ғой.

Ерқанат. Онда мен де шын сұрайын. Аууу, тырналар, қайда ұшып бара жатырсындар? Қайдан ұшып келе жатырсындар? Сендер осында қонсаңдар, менің қасымда керемет әдемі қыз тұр соны көрер едіңдер...

Әйгерім. Тырналар аспанға жазу жазып бара жатқан сияқты. Неге олар басқа құстар сияқты ұшпайды екен?
(Ерқанат тырналарға бір, Әйгерімге бір қарайды. Қызға жақындап келіп, қолынан ұстайды. Қыз да таң қалып жігітке бір, аспандағы тырнаға бір қарайды)

Ерқанат. Тырналар да бір-бірінің қолдарынан ұстап ұшып бара жатқан сияқты ғой. Қарашы.

(Екеуі де тырналарға қарап тұрады, бірдей уақытта көздері түйісіп қалады. Қыз шошып қолын тартып алып, кейін шегінеді. Екеуі бір- бірінен үріккендей, екі жаққа кетеді. Ұлы сезім махаббатың келгенін сезгендей болады).

Әйгерім *(өз-өзіне)*. Жоқ... мүмкін емес... біз доспыз ғой...

Ерқанат *(жүрегін ұстап)*. Бұл не? Неге жүрегім тарсылдап барады? Біз бала күннен біргеміз ғой. Мен оны кішкентай кезінен білем емес пе? Бүгін көргендей не болды маған?

Әйгерім. Ол менің талай рет шашымнан тартып жылатып еді ғой.

Ерқанат. Ол өзіне не алса, ата-аналарына айтып маған да соны алғызушы еді ғой. Мектепте жүргенде үйінен маған бір алма, өзіне бір алма алып келуші еді ғой. *(Мектептегі кездерін естеріне түсіріп тұрады)*.

2-көрініс

Кішкене Әйгерім. Ерқанат, үсті-басыңды шаң қылмай ойнасаңшы. Мә, саған алма әкелдім. Жүр қолыңды жуып ал. *(Әйгерім Ерқанаттың қолынан тартады, Ерқанат ойнап, Әйгерімнің шашынан тартады)*. Ерқанат, шашымды жұлдың ғой. Онда саған алма жоқ. Бар кете бер.

Кішкене Ерқанат. Жоқ-жоқ, енді ешқашан шашыңды жұлмаймын, қарным ашып тұр, берші алманы.

Кішкене Әйгерім. Болды көп ойнама, терлесен, ауырып қаласың.

*(Ерқанат пен Әйгерім мектептен қайтып келе жатыр.
Әйгерімнің сөмкесін, өзінің рюкзагын Ерқанат көтеріп
келеді)*

3-көрініс

Ерқанат *(Адам ата бейнесінде).*

Мен – адам ата.

Әйгерім *(Хауа ана бейнесінде).* Мен – Хауа (а) ана.

Адам ата.

Мен де таза, ол да таза, ауа да,
Жылжып ағып жылға жатыр қой толқын
Харекетсіз біз отырмыз жағада.

Хауа ана.

Айналамыз алау жасыл, жаннат бақ,
Аңтарылған екеумізді ардақтап.
Бет алған ек біздер қайда бармаққа?
Неге отырмыз жұрт көзінен аулақтап?

Адам ата.

Не күш бізді бастап келді білмейміз,
Неге біздер ойнамаймыз, күлмейміз?
Неге біздер бұрынғыдай асыр сап,
Алдым-жұлдым арпалысып жүрмейміз?

Хауа ана.

Әрі жақын, әрі алыс арамыз
Қыз бенен ұл... бөлініппіз, қараңыз...
Адам ата: Қыз бенен ұл...
Жер мен көктей арамыз,
Жер менен көк жақындасып барамыз.

(Бір-біріне жақындап барып, тоқтай қалады. Екеуі біріне-бірі үнсіз қарап тұр. Екеуі келіп отырады).

Хауа ана.

Біз отырмыз, ешнәрсе де демейміз,
Ешнәрсені түсінбесек, не дейміз?
Жылып аққан жылғаға тас лақтырып,
Құныға кеп құмға аяқты бөлейміз.

(аяқтарын шешіп тастап, арасында бір-біріне қарап күліп қояды).

Адам ата.

Ал табиғат...
Ал табиғат тым басқа,
Түйіп болмас, сүйіп болмас, сыр-дастан.
Бю-қию құстар анау шуласқан,
Көбелектер нәр алуда тынбастан.

Хауа ана.

Шалғын мынау, бұйра шашын тараған,
Сары, жасыл, қызыл гүлдер – сан алуан.
Сағым болып теңселеді тау-орман,
Барлығы да сүйісуден жаралған.

Адам ата.

Бар өлкеде бара жатыр нұр жанып,
Бәрі бізді бағатындай ұрланып.
Адам ата бастап берген күнәға,
Біздер бірақ, мойнымызды бұрмадық.

Хауа ана.

Бақа- шаян, айуандар не түрлі,
Сол күнәні қалайтындай секілді.
Басқа шығып бал шарабы көктемнің,
Балбыратып, мазамызды кетірді.

Адам ата.

Не керемет бізді мұнда тастаған?
Ол да мене, мен де одан жасқанам.
Айналайын, Адам ата, Хауа ана,
Алдыменен қайсың едің бастаған?

Әлден сен бе, айналайын, Хауа ана,
Қауызын ашқан гүлге ұсап қараған?

Хауа ана.

Адам ата, әлде сен бе, ақ гүлден,
Нәр алғанды тіршілікке балаған?

Адам ата.

Айтарым бар сендерге мен мақтанып,
Сендер батқан күнәға біз батпадық.
Тұрған болар әйтеуір бір от жанып,
Жанып барып, жанып барып тоқтадық.

Албыраған алмадайын Хауа анам,
Албырап бір отыр еді манадан.
Шырт етті де бұтағынан үзіліп,
Шолп беріп, суға түсті жағадан.

Сермеп қалып аппақ сазан білекті,
Ағынымен арпалысып бір өтті.
Су сипалап, су аймалап денесін,
Мен өпpegен дидарынан су өпті.

Аунап, тулап, арнасында жылғаның,
Араласып кетті-ау кетті су, жалын.
Сонда барып, сезді менің қу жаным,
Су мен өрттің өрістес боп туғанын.

*(Қыздың шашы иыққа төгіліп, жеңіл торғын
жамылып, күлімсіреп жігітке қарайды. Жігіт қызға
жақындайды...)*

Адам ата.

Махаббат па, әлде басқа сезім бе,
Сезінбедім сол бір сәтте өзім де,
Қысқа өмірдің қызғылықты сәтінің,
Суреті тұр, мынау менің көзімде.

4-көрініс

Әйгерім. Ерқанат, қарашы, тырналар қонып жатыр.
Жүрші барып көрейікші.

Ерқанат. Жоқ бармайық, олар алыстан ұшып келе
жатқан құс жолаушылар тынығып демалсын, үркітпейік.

Әйгерім. Ерқанат, сен өзгеріп кеттің. Бұрын мұндай
емес едің ғой.

Ерқанат. Иә, Әйгерім, мен ержеттім, сен бойжеттің.
Бізден балалық ұшып кетті...

Әйгерім. Қайда ұшып кетті?

Ерқанат. Осының алдындағы тырналармен ілесіп ұшып кетті. (Әйгерім ойланып қалады). Жүр қайтайық.

Әйгерім. Ерқанат, менің сөмкемді алып жүрші, мен казір өзенге барып аяғымды шайып алайын.

Ерқанат. (Әйгерім жүгіріп бара жатады. Ерқанат қарап тұрып) Әйгерім, сен менің бала махаббатымсың... Менің аспандағы айымсың, мен тентегімсің, сен менің тағдырымсың.

Әйгерім *(Қолын артына ұстап келеді).* Ерқанат, қарашы тырналар аспанға көтерілді. *(Ерқанат аспанға қараған кезде Әйгерім суды Ерқанаттың бетіне шашып жібереді де өзі қаша жөнеледі. Ерқанат қуып жетіп шашынан тартады. Екеуі қол ұстасып кетіп бара жатады).*

СОҢЫ.

АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА

(инсценирока)

1- көрініс

(Слайдтан көлдің суреті, марал, аң-құстардың бейнесі бар бейне материал көрініп тұрады.

Сахнаға он қыз бен ұлдар шығады. Фонда Дүние-тіршілікті бейнелейтін қыздардың биі болса жақсы)

1.

Өзен де жоқ сыймаған арнасына,

Жылға да жоқ даламен жалғасуға.

Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,

Қалай біткен мына көл тау басына?!

2.

Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға,

Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә.

Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман?

Қанша ұрпақ кетті екен, қаншама адам?

Қанша шырша өсті екен, құлады екен,

«Жетім көлге» қараудан шаршамаған?

3.

«Жетім көлден» су ішкен қанша марал,

Қанша киік қалды екен сай-салада?

Қанатынан үзіліп ән-самалы,
Қаншама аққу кетті екен - аңсаған ән?

4.

Ортаймаған «Жетім көл» толмаған да,
Болған өмір ұқсайды болмағанға.
Сызат та жоқ бетінде, сызық та жоқ,
Айдынына аққуы қонбаған ба?!

5.

Қызғыштары қиқулап, қорғағанда,
Сорлағанға ұқсайды, сорлағанға,
Шүрегейлер айдынын қорлағанда,
Көкқұтандар қанатын қомдағанда...
Беу, дүние-ай, аққулар оралғанда,
Айдын көлдің иесі жол алғанда.
Жетісіп бір «Жетім көл» қалушы еді-ау,
Тынушы еді-ау, теңселген қара орман да.

6.Таянғанда аққулар қонар маңға,

Басушы еді-ау, байызын бар арман да!
Қанатынан аққудың балапандап,

Ән ұшатын сымпылдап таң атарда.
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
Сыбырлайтын «Жетім көл» Алатауға.
Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға.

7.

Таң мен күннің арасы таянғанда,
Таудың басы алаумен боялғанда,
Тірілетін таудағы бар тіршілік,
Қанатынан аққудың оянған ба?!
Көмейінде тәтті үні былай қалып,
Жаға-талда жас бұлбұл тұр ойланып.

8. Жетті аққулар.

Түгендеп «Жетім көлін»,
Жағалауда ұшып жүр шыр айналып,
(Бірден көлге қонбайды құлай барып.)
Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Асығыстық оларда болмайтұғын.
Қомағай көкқұтандар секілденіп,

Жалп беріп, жағаға кеп қонбайтұғын.

Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,

Ақ мүсін айдынға кеп орнайтұғын.

Әдилеп ақ төсінде, бермей тыным,

Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын.

9.

Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,

Тірі жан аяқ басып келмейтұғын.

Аққулар аман-есен қайтқанынша,

Суына «Жетім көлдің» шөлдейтұғын.

(Суымен сырқаттарын емдейтұғын.)

Ұрпақтан ұрпақ алып жалықпастан,

Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.

Заманнан заман өткен, жаңарған жұрт,

Аққуын айдын көлдің, налытпастан

Дәстүрін аттамаған, анық басқан.

10.

Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,

Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан.

Қайсыбір қиын-қыстау ай, күндерде,
Шойрылтып, түссе-дағы қайғым белге,
Алаңсыз аққуымды атпасын деп,
Жатқа да дастарқанды жайдым төрге,
Аққулар ұйықтағанда айдын көлде...
...Оралмады аққулар осы маңға,
Жылдар өтті, байғұстар шошыған ба?
«Жетім көл» жетімсіреп қала берді.
Арман-ай, аққуымен қосылар ма?!

2- көрініс

(Төсекте бала жатыр. Тәуіп шал келіп, баланың тамырын ұстайды, Әкесі басын төмен салып қайғырып отыр. Анасы отырған орнынан тұрып тәуіптің қасына келеді, көзінде үміт, ұйып тыңдап тұр).

Тәуіп шал. Аққудың қанатымен аластандар. Бала жазылады.

Ана: Рас айтасыз ба, ата, балам жазыла ма? Рахмет саған, Жаратқан Ием, рахмет сізге. *(тәуіп шалдың қолына ақ орамалға түйілген ақша ұстатады. Ол оны қалтасына салып алады. Тәуіп шал шығып кетеді. Баланың әкесі басын қолымен сүйеп отырады).*

Ана (баласының қасына келіп, шашын сипап, бетінен сүйеді). Енді жазыласың, жарығым, құлыным, Жаратушы ием, тек балам аман қалса болды. Одан басқа өзіңнен ешнәрсе сұрамаймын. Алла тілегімізді қабыл ете гөр. *(күйеуіне қарайды, басын шайқап, ренжіген түр көрсетеді).*

Мана күндіз тәуіп шал не деп кетті?

Әлде өтірік, ілде шын демеп кетті.

«Аққуменен баланы аластандар»...

Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,
Неткен жансың санасыз жаратылған!?

манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі,

Ұмытылып кетті ме санатыңнан?

... Айналайын аққудың қанатынан,

Қайтеміз ол да адамға бола туған.

«Жетімкөлге» барып қайт таң жамылып,

Таң атқанша қалайда тауға ілік.

Біреуілердің көзіне түсіп қалып,

Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік.

Кім білсін, мүмкін бәрі жалған үміт...

(күйеуі басын шайқап, келіспей отырған, сенбей отырған түр көрсетеді)

Әке.

Апырай, қалай барам, қалай барам?

Атарымын аққу құсты қалай ғана?

Айдынның аққулары ұйықтағанда,

Өрген мал, өскен шырша абайлаған.

Барлығы қасиетке қарайлаған.

Оқ атам қасиетке қалай ғана?
Бармаймын, бара алмаймын, қалай барам?

Ана. (қатты күйініп, ашуланып, қолындағы заты лақтырып жібереді)

Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі,
Балам өлсе, бақыттың керегі не?
Топан су басып кетсін қалғандарын.
Перзент сұрап несіне армандадың?
Құрсын онсыз сенің жанған бағың!
Мылтықты әкел!
Атты ерте!
жалған бәрі.

(жиналып, қолына қамшыны, ілулі тұрған мылтықты алып шығып бара жатып, заттарын жере қойып, баласын келіп құшақтап жылайды).

Ана. (күйеуіне) Баланы қараусыз қалдырма. Мен бұйырса түнде қайтып келермін. Баламыз жазылса, бәрі ұмытылады. Қайтеміз, бұл да Алланың сынағы шығар?

Әке. Қасынан бір елі кетпеймін. Бірақ өзің абайла. Аққу қасиетті құс қой...

3-көрініс

(Жетімкөл маңы, аққулар су бетінде. Н.Тілендиевтің «Аққу» күйі. Слайдтан «Қыз Жібек» фильмдегі

*аққуларды кесіп алып көрсетсе де болады. Немесе алты
қыз «Аққу» биін билейді)*

1

Оятып дүниені делсал қылып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,
Таудағы тіршілікке ән салдырып.
Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,
Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

2

Бұлбұл үні,
Көл бетінде,
Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.
Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
Танданып тәккаппар құс келбетіне.

3

Тығып ап тұмсықтарын мамығына,
Айдын-төсек, аспанды жамылуда.
Арша, шырша, жартастар жағадағы,
Сұғынып бәрі көлге табынуда.
Аласұрып қан ойнап тамырында,
Ана-жүрек тыпыршып қабынуда.
Не қыларын біле алмай, жабығуда.

2-жігіт:

асқар белден күн нұры шашырады,

Шашырап, ол да көлге бас ұрады.
Құс аппақ, айдын аппақ, нұр да аппақ,
Әппақ нұр – әппақ нұрға қосылады.

(Сахнаға аппақ жамылғы жамылған Қасиет шығады. Ол аққуларға бара жатады да ананы көріп, күлімсіреп анаға тағзым етеді. Содан соң аққуларға тағзым етеді)

(Сахнаға қара киім жамылғысымен Қасірет шығады. Қасиет қасіретті аққуларға жібермейді, Ана басын ұстап отыр):

Ана: Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,
Құлынымның қасынан неге кеткем?
От басы, ошақ қасы көрмеппін ғой,
Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?

4

Ана отыр.
Озбыр ойлар қамалауда.
Қамалауда, әлдекім табалауда.
... Аққулар ақ айдынды қалдырды да
Тартты кеп, ана отырған жағалауға.

5

Шошымай шолжың өскен батырларың,
ана отырған шыршаға жақындады.
Көзі тұнып бейбағың топ аққуға,
Білмей қалды аққудың атылғанын.

(Музыкаүні қатты шығады, аққудың қаңқылдаған үні)

6

Көздің алды көк түтін, ақыл жарым,
Білмей отыр жаңағ тыныштықтың
Сүт ұйыған тегешін сапырғанын...

(Қасірет (қара киімді бейне) үстемдік етеді. Қасиет (аппақ киімді бейне) құлап жатады. Қасиет бір кезде орнынан тұрып келіп, анаға аңтаң болып қарайды. Содан кейін аққуға қарайды. Қасіретке мұңдана қарайды. Аспанға қарайды)

7

«Жетімкөлден сән кетті мана тұнған,
Аққу кетті, ән кетті қанатында.
Асқар-асқар таулардан асып әрі,
Шың құздардың үн қалды қабатында.
Аққу үні естілмей қалатын ба?
Алатаудан үзіліп Қаратауға,
Жаңғырығын жартастар таратуда...

8

«Жетімкөлдiң» басында жылқы жатқан,
Дөңге шығып қарт тұрған жылқы баққан:
(сахнаға жылқышы шығады)

Жылқышы:

Апыр-ай, бұл кім болды, таңсәріде...
көргенсіз, көл басында мылтық атқан?!
Құстардың зәре-құтын шырқыратқан?
неғылған қаныпезер құлқы қатқан?

мылтықты ататындай көлге келіп,
Апыр-ай, жоқ еді ғой елде желік.
Бұл маңның адамы емес, сірә-дағы,
білмеймін, табайын да бір амалын.
Қару бар кезапқа құрықпенен,
Ұмтылса, қалай қайрат қыла аламын?
Жөн болар алыс тұрып сұрағаным.

Ақку үркіп, батысқа бет түзеген,
Қамшы басты атына шыдамады,
Алыс тұрып ақырды қыр басынан

Жылқышы:

Ейг берекесін бұл жердің кім қашырған?

9

Өңім бе, түсім бе деп таңданады,
Көз алмай орамалды ұрғашыдан
Көз алмай сүле-сопы тұлғасынан

Жылқышы.

Ей, кімсің?

Тірісің бе?

жаның бар ма?

Ақкуды неге атасың, арың бар ма?

Тастағын қаруыңды келгін бері,

Келгін бері кеудеңде жаның барда!

10

... Байғұс әйел үн-түнсіз жылап тұрды,

Қарттың үні мең-зең ғып құлаққа ұрды.
Қолындағы мылтығын құлаштап кеп,
Бөгелмей Жетімкөлге лақтырды,
Қартқа қарай ақырын аяндады,
Қарусызға қарт келді, аянбады.
Көзінен жас, көңілінен зар төгіліп,
Болған жәйтті келіні баяндады.

Жылқышы.

Әй балам, болмады ғой, болмады ғой,
Қасиет кетті көлден, сорлады ғой.
Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,
Атқа мін, ауылға қайт, олжаны қой!
Мін атқа, қайт ауылға, тағат қыл да...
Білмеймін, сор аттың ба, бақ аттың ба?
Аққуға кезенерде ырым жасап,
Тым құрса саусағыңды қанаттың ба?

Ана.

Әлек боп, арпалысып сор қайғымен,
Жоқ, ата, жасамадым ондайды мен.
Жасымнан естігенім бартын еді,
Әйтеуір, аққу атқан оңбайды деп...

Жылқышы.

Солай, солай...
Аманат бір Құдайға...
Қай-қайдағы түседі құрғыр ойға...

2

...Ат басын шұғыл бұрып, тайып тұрды,
Қарт тастап.. нелер сұмдық сырды бойға.

1

Бәрі ұмыт: бақытың да, байлығың да,
Күлкі, шаттық, күйзелткен қайғы, мұң да.
Жетімкөл жетімсіреп қалып қойды,
Бірі өлі, бірі тірі аққу айдынында...
Бар өмірден көңілі шайлығуда,
Байғұс ана еркінен айрылуда.

4

Әлденеден сұм жүрек сескенеді,
Аракідік әлдене ес береді.
Табиғаттың да, таудың да, аққудың да,
Байғұсқа болмай қалды еш керегі.
Келеді ана сезбейді ештеңені.

5

Бай ұмыт, әлсіз жатқан бала да ұмыт,
Қайтқан құстай алыстап барады үміт.
Көліменен қоштасқан аққу үні,
құлағына келеді аракідік.

6

Өмір емес өмірі, қораштанған,
Байғұс ана тірліктен қалас қалған.
келеді ана қарабет қарақшыдай,
Ел мен жерден біржола аласталған!

Әппақ нұрды көре алмай, ақ аспаннан,
Түп-түнекте бейне бір адасқан жан.

7

...Абыр-сабыр, үй маңы дүрбелеңді,
Алғаш ана абыржып, білмеген-ді.
Ат үстінен түсе алмай қатып қалды,
Мелшиіп, білмей тіл мен үн дегенді.
Білмейді қайда келді, кімге келді.

8

Өң бе, түс пе, әйтеуір таласуда,
Өліменен тірінің арасында.
Отырғандай Жетімкөл жағасында,
Аққу жатыр көзінің шарасында.
Аунап түсіп атынан үйге енді,
Есіне алып ерін де, баласын да,
Өліп жатқан ұлына қарасын да,
Қалсын ана Жетімкөл жағасында:
Өлі менен тірінің арасында.

Ана.

... Мына жатқан Жетімкөл, мына аққуды,
Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа...
Жоқ!
Мен емес....
Мен атпадым...
Кеше гөр, кешіре гөр, Жаратқаным!

5

Ғазиз ана, ербеңдеп екі қолы,
Жиылған жұртқа қарап алақтады.

6

Күледі, бірде жылап зарланады,
Көкке қарап, бекерге қарманады.
Бірде үнсіз, мелшиіп үн тындайды,
Құлағында аққудың арман-әні.
Алдымен жұрт үн-түнсіз таңданады,
Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады.

Ана.

Қазір ботам,
мінеки таң атады...

Қазір ботам, аққумен ұшықтаймын,
Жазыласың құлыным, балапаным,
Қасиет!

О,Қасиет

Осындай ма ең?

сорымның қалыңдығы шашымдай ма ең?

Қасиет!

Қасиеттер ұшып кетті,

Қасірет, қасымдағы досымдай ма ең?

қасиет, қасірет

қасірет, қасиет...

(Күйеуі келіп әйелін құшақтап отыр. Екі көзінен тоқтаусыз жас ағады. Әйелі күйеуіне қаран)

Ана. Ұйықтады ма, демалып жатыр ма?

Әке. Ұйықтады. Жер Анасының бесігінде мәңгілік тербеледі. Оятпаймыз. Ұйықтай ғой, құлыным, ұйықта.

Ана. Ұйықтай қой... аққулар да ұйықтады, сен де ұйықта, құлыным.

Перде жабылады

(Слайдтан Жетімкөлдің суреті көрінеді. Аққуы жоқ, саханға ақын шығады).

Ақын.

Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым,

Жерді аңсаймын...

жалғыз-ақ сол арманым.

Қиын екен қимасың екі бірдей

Көз алдында ғайып боп жоғалғаны...

Көрдің бе бір-біріне дөп келуін,

Балам-ай, мынау өмір дарияның,

білмейсің қайда екенін өткелінің.

Аққулар...

Аңыз көп қой олар жайлы.

Көзіңмен көргеніндей бола алмайды...

Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар,

Шошыса, екінші рет оралмайды.

Орнында екен Жетімкөл жоғалмапты,

ортаймапты немесе тола алмапты.

Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз.

Қасиетті аққулар оралмапты.

СОҢЫ.

